



MUNAILY MEKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 13 (476)

14/08/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады



ҮНДЕУ

Құрметті әріптестер!

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесі атынан Компанияның жақын арадағы жоспарлары туралы айтып өткім келеді.

Өздеріңізге белгілі болғандай, тамыздың 13-і күні «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларды қайта сатып алу туралы ұсынысын жариялады. Бұл ұсыныс акция ұстаушыларына Компанияның капиталынан тиімді нарықтық жағдайларында шығуға мүмкіндік береді. Қайта сатып алу бағдарламасына қатысу ерікті болып табылады. Алайда, біз өз тарапымыздан ұсыныстың әрекеті (бағдарлама мерзімі – 2018 жылдың 16 қарашасына дейін) аяқталғаннан кейін болуы ықтимал тәуекелдер туралы ескертуге міндеттіміз. Артықшылықты акцияларды қайта сатып алу жөнінде толық ақпаратты «Мұнайлы мекен» газетінің беттерінен, call-орталықтан, өңірлерде орналасқан трансфер-агент кеңселерінен, брокерлерден, сондай-ақ тікелей Компанияның өзінен білуге болады.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында оңтайландыру бағдарламасы шеңберінде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ны қайта құру бойынша жоспарлар да қаралып жатыр. Нақты шешім әлі қабылданған жоқ, дегенмен барлық өзгерістер туралы дер кезінде хабарлайтын боламыз. Бұл өзгерістер «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ еншілес кәсіпорындарының операциялық қызметіне әсер етпейтінін де атап өтеміз.

Құрметті әріптестер, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы қалыптасу жылдары ішінде үлкен жолды өткерді. Бүгінде ҚМГ еліміздің барлық ірі мұнай-газ жобаларының операторы және серіктесі болып табылады. Бірінші кезекте «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы бұл жетістіктердің барлығына мұнайшылардың еңбегі арқылы жетті. Компанияның түрлі салаларында 90 мыңға жуық адам еңбек етеді. Әрқайсыңыз – өз ісіңіздің кәсіби маманысыз. Сіздер Компанияның дамуына, жалпы Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына өз үлестеріңізді қосып отырсыздар.

Бүгінде Компанияның алдында маңызды, ауқымды және күрделі мақсат-міндеттер тұр. Осы міндеттерді орындау үшін біз бірлесіп еңбек етейік. Қашанда осы ынтымақ-бірлігімізден ажырамайық. «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының бірігу процесі бізге одан әрі дамып, тұрақты әрі жоғары тиімді компания болуға көмектесетініне сенімдімін.

Сіздердің әрқайсыңызға адал еңбектеріңіз үшін алғысымды білдіремін, жанұяларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін.

Дәурен ҚАРАБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы

Байқау жеңімпаздары анықталды

Бүгінгі сәндә:

«Ембімұнайгаз» АҚ құрылымдық бөлімшелері мамандарының арасында өткен «Үздік маман-2018» сайысының 2-кезеңі өз мәресіне жетті. «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының (МГӨБ) С.Балғымбаев кен алаңында екі күнге созылған сайыста ембілік мұнайшылар мұнай-газ саласы бойынша мамандықтың 13 түрінен өзара сынға түсті.



«Мұнай және газ өндіру операторы» номинациясы бойынша жеңіске «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы Айбек Тұрсынбек жетсе, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ операторы Жалғас Рамазанов ІІ орынды еншіледі. Ал, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы Алтай Әжіхановқа ІІІ орын бұйырды.

«Ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы (вахта)» номинациясында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ операторлары Келдібай Сариев, Орынбасар Мусиев пен Саян Мұқашев топты жарып, алға шықса, «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторлары Берік Жаберов, Кадірбек Нұрғожиев, Ертай Жанайсов ІІ орынды

иеленді. «Жайықмұнайгаз» МГӨБ операторлары Талғат Жүкеев, Серік Досқалиев пен Жасұлан Мырзабаев ІІІ орынды иемденді.

«Ұңғымаларды зерттеу операторы» номинациясы бойынша «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы Райымбек Сағызбаев өз білімінің басым және тәжірибесінің мол екендігін дәлелдеді. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ операторы Абай Текеев бұл аталымда ІІ орынды иеленсе, «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы Еркін Башановқа ІІІ орын бұйырды.



Артықшылықты акцияларды қайта сатып алу туралы ұсыныс жасалды



Жаңа кешен көкжиегі қуантады

5-бетте >>

Артықшылықты акцияларды қайта сатып алу туралы ұсыныс жасалды

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесі Қазақстан қор биржасында өзінің орналастырылған барлық артықшылықты акцияларын қайта сатып алу жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Компания 2018 жылғы тамыздың 13-і күні айналымдағы өзінің барлық артықшылықты акцияларын қайта сатып алу ұсынысын жариялады. Ұсыныс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның артықшылықты акцияларын

иенденетін акционерлерінің мүдделері үшін жасалып отыр. Бұл ретте акционерлердің құқықтары бұзылмайды. Компанияның ұсынысын қабылдап, акциясын қайта сату – бұл акционердің құқығы, жеке қалауы. Құнды қағаз иелері шешім қабылдас бұрын барлық факторлар мен тәуекелдерді ескеріп, ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен толық танысып шығуы тиіс.

Қазіргі кезде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас компания – «ҚазМұнайГаз»

ұлттық компаниясымен қосылып жатыр. «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы екі деңгейлі басқару жүйесіне өтуде. Алдағы уақытта «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ дербес заңды тұлға ретінде қызметін тоқтатып, ұйымды тарату бойынша бірқатар шараларды іске асыруы ықтимал. Соның ішінде Қазақстан қор биржасынан Компанияның артықшылықты акцияларының делистингі жоспарланып отыр. Делистинг нәтижесінде акционерлер өз акцияларын нарық бағасымен Қазақстан қор биржасы арқылы сата алмайтын болады. Сондықтан артықшылықты акциялардың ұстаушыларына жарияланып отырған ұсынысты қабылдап, құнды қағаздарын сату ұсынылады. Ұсыныс мерзімі – үш ай.

Артықшылықты акцияларды сатып алу Қазақстан қор биржасында ашық сауда-саттық тәсілімен жүргізіледі. Акционерлер акцияларын сатуға келіскен жағдайда, брокермен келісімшарт жасалуы тиіс.

Ал жеке тұлғалар болып табылатын акционерлер өз артықшылықты акцияларын «Қазпошта» АҚ арқылы сататын болса, акционердің ыңғайлығы үшін Брокер мен Трансфер-агент қызметтерінің шығындарын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ өтейді. Атап айтқанда, акцияларды Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісінен номиналды ұстауға аудару, акцияларды басқа Брокерден номиналды ұстауға аудару, брокерлік қызмет көрсету, бұйрықтарды беру бойынша трансфер-агенттік қызметтердің шығындары, төлем қабылдау үшін комиссия. Құнды қағаздарды сату үшін қажетті құжаттарды жинақтау, рәсімдеу бірталай уақыт алатынын ұмытпаған жөн.

Артықшылықты акцияларды қайта сатып алу шарттарына немесе рәсімдеріне қатысты туындаған кез келген сұрақтар бойынша 1499 нөмері арқылы Қазпоштаньң бірыңғай байланыс орталығына хабарласуға болады. Қалалық және ұялы телефондардан қоңырау шалу тегін.



Брокер және трансфер-агент көрсететін қызметтер, құнды қағаздарды сату бойынша нақты қадамдар газетіміздің келесі бетіндегі жадынамада көрсетілген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Біз үшін ең тиімді бағдарлама

Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ біздің түпкі компаниямыз ҚМГ ҰК-пен интеграция процесінен өтіп жатқандығын бәріңіз жақсы білесіздер. Бұл ҚМГ БӨ-нің активтері национализацияланатын болатынын білдіреді. Мұндай шешім ҚМГ ҰК-тің өндіру және мұнайсервистік активтерді басқарудың екідеңгейлі жүйесіне көшуімен байланысты болып отыр. Сіздер білетіндей, БӨ қазірдің өзінде Лондон және Қазақстан қор биржаларынан өзінің жаһандық депозитарлық қолхаттары мен қарапайым акцияларын сатып алды. Енді ҚМГ ҰК ҚМГ БӨ өндірістік активтерін тікелей өзі басқаратын және ҚМГ БӨ жеке АҚ ретінде өзінің жұмысын тоқтататын

болғандықтан тиісінше артықшылықты акцияларды да сатып алу туралы шешім қабылдады. Өткен жылы дәл осындай процесті «ҚМГ – Өңдеу және маркетинг» АҚ компаниясы басынан өткерді, алдағы уақытта «ҚазТрансГаз» АҚ қосылуы күтілуде және осылай жалғаса береді.

Осыған орай ҚМГ БӨ еркін айналымдағы өзінің артықшылықты акцияларын қайта сатып алу бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алды. Артықшылықты акциялар ұстаушыларында өз акцияларын сату мүмкіндігі пайда болды. Компания аталған бағдарлама барлық артықшылықты акцияларды ұстаушыларының мүддесін қамтамасыз

етеді және компанияның одан әрі белгіленген жоспарларына байланысты өз акцияларын сату мүмкіндігін ұсынып отырмыз деп есептейді.

Бағдарламаға қатысу үшін Сізге өз брокеріңізге жүгіну керек. Егер Сіздің брокеріңіз болмаса, онда «Қазпошта» АҚ бөлімшесі (трансфер-агент және брокер ретінде) арқылы акция сатуға өтініш бергеніңіз бәрінен де жеңілрек болады. Барлық егжей-тегжейлі ақпарат БӨ сайты мен газеттің осы шығарылымда орналастырылған.

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма
төрағасы



Қайта сатудың қайтарымы көп

Үстіміздегі жылдың 13 тамызында ҚМГ БӨ еркін айналымдағы өзінің артықшылықты акцияларын қайта сатып алу бағдарламасының басталғанын ресми түрде хабарлады. Бағдарламаның басты мақсаты – артықшылықты акциялардың ұстаушыларына ҚМГ БӨ-нің одан әрі белгіленген жоспарларына орай өз акцияларын сатуға мүмкіндігін ұсыну.

Сіздерге белгілі болғандай, ҚМГ ҰК қазіргі уақытта жаңа операциялық модельге көшу жөніндегі жұмыстарды жүргізуде. Енді ҚМГ ҰК барлық еншілес және тәуелді ұйымдарды тікелей басқаратын болады. Бұл стратегиялық шешім және ҚМГ құрамындағы көптеген ірі еншілес компанияларға тікелей байланысты. Мысалы, өткен

жылы бұл процестен «ҚазМұнайГаз» – өңдеу және маркетинг» АҚ өтті, болашақта «ҚазТрансГаз» АҚ қосылуы күтілуде және осылай жалғаса береді. Енді БӨ-нің мұнай өндіру және мұнайсервистік еншілес ұйымдарын тікелей ұлттық компания бақылайтын болады. Бірден айта кетейін, Жаңаөзен қаласында орналасқан Өзенмұнайгаз құрамындағы компаниялардың операциялық қызметіне бұл ешқандай әсер етпейді.

Мен – ҚМГ БӨ-нің артықшылықты акцияларын ұстаушысымын және ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын қайта сатып алу бағдарламасы шеңберінде өз акцияларымды сатамын деп ерікті түрде шешім қабылдадым. Дәл қазір айта кетер жәйт, артықшылықты акцияларды

ұстаушылардың негізгі үлес салмағы ӨМГ мен ЕМГ қазіргі және бұрынғы қызметкерлері болғандықтан ҚМГ БӨ өз акционерлерінің мүддесін есепке ала отырып, сондықтан да оларға осындай мүмкіндікті ұсынып отыр.

Егер акционерлер аталмыш бағдарламаға қатыспаған жағдайда не болатынын да айта кеткім келеді. Түпкі нәтижеде биржадан кеткеннен кейін акциялар биржада өз айналымын тоқтатады және біз ең алдымен акцияларды ұсынылған бағамен сата алмай қаламыз.

Мақсат ИБАҒАРОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директорының
транспорт және әлеуметтік сұрақтар
жөніндегі орынбасары

АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА ПАМЯТКА ПО ОБРАТНОМУ ВЫКУПУ АКЦИЙ



1

ҚМГ БӨ АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатуға шешім қабылдаңыз

Примите решение продать привилегированные акции АО РД КМГ



2

Брокерлік шот ашу үшін Брокермен («Қазпошта» АҚ немесе кез келген басқа брокерлік компания) келісімшарт жасаңыз

Заключите договор с Брокером (АО «Казпочта» либо любая другая брокерская компания) для открытия брокерского счета



3

«Қазпошта» АҚ трансфер агентіне (тіркеушінің кеңсесі жоқ қалаларда) жүгініп және акцияларды шығынға жатқызуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Трансфер агенту АО «Казпочта» (в городах, где нет офиса регистратора) и подайте приказ на списание акций

4



Брокерге жүгініп, акцияларды есепке алуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на зачисление акций

5



Брокерге жүгініп және артықшылықты акцияларды Биржаның мамандандырылған сауда-саттықтарында сатуға (артықшылықты акцияларды брокерлік шотқа есептегеннен кейін) бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на продажу привилегированных акций в специализированных торгах на Бирже (после зачисления привилегированных акций на брокерский счет)

6



Брокерге жүгініп, ақша қаражатын есептеуге клиент тапсырмасын беріңіз (ҚМГ БӨ АҚ есеп-айырысуларды өткізгеннен кейін)

Обратитесь к Брокеру и подайте поручение клиента на зачисление денежных средств (после проведения расчетов АО РД КМГ)

Артықшылықты акцияларды сатып алу бағдарламасының басталу мерзімі – 2018 жылдың 13 тамызы.



Өтінішті қабылдауды брокер 2018 жылы 15 қарашада сағат 17.00-де, трансфер-агент 2018 жылы 14 қарашада аяқтайды.

Мамандандырылған сауда-саттықтар (мамандандырылған сауда-саттықтар өткізілгеннен кейін)



Спецторги (после проведения спецторгов)

Дата начала программы выкупа привилегированных акций – 13 августа 2018 года.



Финальная дата приема заявок брокером – 15 ноября 2018 г. 17:00ч. (трансфер-агентом – 14 ноября 2018г.)

БАЙЛАНЫСТАР

Артықшылықты акцияларды сату үшін жүгінуге болатын «Қазпошта» АҚ-ның жергілікті бөлімшелері тізімі

- Атырау қ., Абай к-сі, 6; 8 (7122) 95-69-93
Баймұқанов к-сі, 70А; 8 (7122) 95-69-69
Авангард 3 ш.а., 49; 8 (7122) 21-30-02
- Құлсары қ., Махамбет д-лы, 23; 8 (71237) 5-17-38
- Мақат к., Мұқашев к-сі, 19; 8 (71239) 3-17-18
- Доссор к., Сүлейменов к-сі, 1; 8 (71239) 2-18-01
- Ақтау қ., 8 ш.а., 20; 8 (7292) 20-35-66
- Жаңаөзен қ., Шанырақ ш.а., 46Е үй; 8 (72934) 7-17-90

Барлық сұрақтар бойынша Қазпоштаның бірыңғай байланыс орталығына хабарласыңыздар

1499

Тіркеуші – «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ байланыс деректері:

- Астана қ., Иманов көш, 13, 101 кеңсе; 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтпаев көш., 30 А/3;
тел. 8 (727) 272-47-60, ішкі 150, факс: 8 (727) 272-47-60, ішкі 230.

Атырау қаласындағы байланыстар:
Уәлиханов к-сі, 1, «Ембімұнайгаз» АҚ,
қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Жаңаөзен қаласындағы байланыстар:
Қ. Сәтбаев к-сі, 3, «Өзенмұнайгаз» АҚ,
қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7293) 46-34-01

Егжей-тегжейлі ақпаратты www.kmgcp.kz сайтынан оқи аласыздар.

КОНТАКТЫ

Список местных отделений Казпочты, в которые можно обратиться для продажи привилегированных акций

- г. Атырау, ул. Абая, 6; 8 (7122) 95-69-93
ул. Баймұханова, 70А; 8 (7122) 95-69-69
Авангард 3 мкр., 49; 8 (7122) 21-30-02
- г. Кульсары, пр. Махамбета, 23; 8 (71237) 5-17-38
- п. Мақат, ул. Мұқашева, 19; 8 (71239) 3-17-18
- п. Доссор, ул. Сүлейменова, 1; 8 (71239) 2-18-01
- г. Ақтау, 8 мкр., 20; 8 (7292) 20-35-66
- г. Жаңаөзен, мкр. Шанырақ, зд.46Е; 8 (72934) 7-17-90

По всем вопросам обращайтесь в единый контакт-центр Казпочты

1499

Контактные данные регистратора – АО «Единый регистратор ценных бумаг»:

- г. Астана: г. Астана, 010000, ул. Иманова, 13, офис 101; тел.: 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- г. Алматы, Бостандықский р-н, ул. Сәтпаева, 30А/3
тел. 8 (727) 272-47-60, вн. 150, факс: 8 (727) 272-47-60, вн. 230.

Контакты в г. Атырау:
ул. Валиханова 1, АО «Эмбамұнайгаз»,
департамент казначейства, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Контакты в г. Жаңаөзен:
ул. К. Сәтпаева 3, АО «Өзенмұнайгаз»,
департамент казначейства, тел.: 8 (7293) 46-34-01

Более подробная информация доступна на сайте www.kmgcp.kz.



Судың да сұрауы бар

«Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС ұжымы мұнай өндіру саласының дамуына өз үлесін қосып келеді. Мекеме теңіз суын тасымалдап, мұнайшылардың ауыз сумен қамтамасыз етілуіне және мұнайдың өндірілуіне өз үлес қосып отыр. Ауқымды жұмыстар еңбек ұжымының зор қажыр-қайраты мен ерен еңбегінің, өзара сыйласқан ынтымақ-бірлігінің арқасында іске асырылуда.

Серіктестік еліміздегі ұлттық мерекелерді өз деңгейінде атап өтіп, дәстүрді жалғастырып келеді. Әр жыл сайын Наурыз мейрамын ұйымшылдықпен атап өтеді. Мұндай мерекелік шараларды қызметкерлер тамашалап қана қоймай, өздері де өнерлерін көрсетіп, әріптестерінің ыстық ілтипатына бөленіп жүр.

Биылғы жылы жұмыскерлер қазақ фильмдерінен үзінді көрсетіп, көрермендердің көзайымына айналып, зейнеткерлердің жастық шағына саяхат жасап, көңілдерін бір көтеріп, сый жасады.

«Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы болған Қайырбек Елеусиновтің, Бақылау кеңесінің төрайымы Айнұр Шаненованың қолдауымен көптеген үлкен жобалар қолға алынды. Атап айтқанда, ескі ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңа тұрмыстық-шаруашылық кешендер бой көтерді. Өндірісте жаңа құбырлар орнатылып, сонымен қатар, заманауи технологиялар енгізілді. Бұл игі

істердің барлығы «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС жұмыскерлерін қуанышқа бөледі.

Құмды өлкеде орналасқан Түйесу және Сауысқан кен орындары Маңғыстау облысының көптеген елді-мекендерін ұзақ жылдардан бері ауыз сумен қамтамасыз етіп, мұнайшылардың алғысына бөленіп келеді. Кен орындарда 2016-2018 жылдары бұрын соңды болмаған тұрмыстық-шаруашылық кешендер бой көтеріп, жұмысшылардың еңбегіне жаңа серпін берді. Кен орындардағы ескі ғимараттар өткен ғасырдың 1970-ші жылдары салынып, тозығы жетіп, жарамсыз жағдайда еді.

2017-2018 жылдары Жаңаөзен қаласында орналасқан, Өндірістік жабдықтарды дайындау бөлімшесінің екі бірдей сораптар станциясына жұмысшылар үшін қолайлы әрі қауіпсіз жағдайлар қарастырылған жаңа тұрмыстық-шаруашылық кешендер салынып қолданысқа тапсырылды.

2018 жылдың басында Ақтау және Жетібай бөлімшелерінің асханаларына күрделі жөндеу



жүргізіліп, қолданысқа берілді. Сонымен қатар, өндірістік аймақтарда орналасқан ғимараттарға күрделі жөндеу жұмыстары басталды.

«Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС-нің қарамағындағы барлық өндірістік аймақтарына қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында бейнекамералар орнатылып, орталықтандырылды. Аталған шара қазіргі таңда өз жемісін беріп келеді.

Соңғы бес жылда Ақтау-Жетібай-Жаңаөзен құбыр бойындағы тозығы жеткен 17 шақырым құбыр «Кен құрылыс Сервис» ЖШС жұмыскерлерінің қызмет көрсетуімен жаңартылса, 4,5 шақырым құбыр аталған басқарма өз жұмыскерлерінің күшімен жаңартылды.

Бұл басқарманың негізгі қызметінің бірі ол – теңіз суын тасымалдау болғандықтан, су тасымалдау үшін жұмсалатын электр қуатына кететін шығын «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС табысының 3/2 бөлігін құрайды. Электр қуатын үнемдеу мақсатында,

2017 жылы жаңа сораптар қондырылып, қазіргі таңда жаңа қондырғылар өз жемісін беруде. Атап айтқанда электр қуатын пайдалану шығыны өткен жылдармен салыстырғанда 30%-ға төмендеді.

Мекеме өндірісте ғана емес, мемлекеттің және қаланың қоғамдық жұмыстарына да белсенді араласып жетістіктерге жетуде. Мысалы, 2017 жылдың қорытындысы бойынша «Нұр Отан» партиясы Жаңаөзен қалалық филиалы ұйымдастырған Үздік бастауыш партия ұйымы Республикалық байқауының 1-санаты бойынша I орын иегері атанды.

Жоғарыда аталған жетістіктер «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС еңбек ардагерлерінің және ұжымның қажырлы еңбегінің нәтижесі.

*Ақтоты СҮТБАЕВА,
«Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС қызметкерлерді басқару, еңбекақы төлеу және әлеуметтік саясат тобының жетекшісі*



Цех алдында тұрған міндет көп



Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехы – өндірістегі ұңғылар мен нысандарды физикалық және химиялық бағытта дамытып, көрсететін іргелі ұжымның бірі. ҒЗӨЖБ 2018 жылғы зерттеу бойынша өндірістік жоспарға сәйкес 446 869 зерттеу жұмысын жүргізуді көздеп отыр. Өндірісіміздің күннен-күнге үлкеюіне байланысты зерттеу жұмыстары да жыл сайын көбейіп келеді. Ол өз алдына, ҒЗӨЖБ ұлғаюына септігін тигізеді деп күтілуде. Қазіргі таңда бір ауысым бойынша 6 инженерлік қызметкер, 19 зертханашы, 15 зерттеу операторы табанды еңбек етіп келеді.

Біздің Қаражанбас мекемесінде ҒЗӨЖБ-сы екі зерттеу бөлімі: химиялық зертхана бөлімі және гидродинамикалық зерттеу бөлімі маңызды жұмыстар атқаруда. Химиялық зерттеу бөлімі аты айтып тұрғандай, өндірістегі барлық сұйықтық және газ құрамын зерттейді. Сонымен қоса, өндірістің ең басты мақсаты – өндірілген тауарлық мұнайды ГОСТ бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ өткізуге атсалысады.

Гидродинамикалық зерттеу бөлімі ол ұңғының және жер қабатының физикалық мәліметін яғни, қысымын, температура-сын, сұйықтық деңгейін, өнім бергіштігін, сүзгіш-сыйымдылық қасиеттерін анықтайтын бөлім. Осы жылы Геология және игеру департаментінің көмегімен жаңа күрделі гидродинамикалық зерттеу жұмыстарын тал-

дайтын КАППА бағдарламасы сатып алынды. Қазіргі таңда күрделі гидродинамикалық зерттеу жұмыстарын бастап кеттік. Бағдарлама өте қымбат және өте күрделі болып табылады. Әлемдегі алдыңғы қатарлы мұнай өндіру мекемелері қолданатын бұл бағдарламаны үйрену үшін Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы осы компания мамандарынан 2 аға инженеріміз оқып келді. Тиімділігі бойынша бұрынғы кезде ұңғыдан келген мәліметтерді ұзақ уақыт тек 20% талдасақ, қазіргі таңда келген керек мәліметті бір күнде 100% талдап, әртүрлі сараптамалық, сандық 2D және 3D модельдер жасауға, жер қабатының алдағы уақыттағы өнім бергіштігіне ұзақ жылдық болжам жасауға болады. Жалпы ғылыми-зерттеу жұмыстары болғасын жұмыс өте қызық болып табылады. Бұл жерде тек ұңғы емес, бүкіл жер асты қабатының жағдайын және сол ортада жүріп жатқан әртүрлі процестерді талдаймыз. Жалпы ҒЗӨЖБ өте қиын, күрделі және көп ізденісті талап ететін басқарма, бір мақала көлемінде айтып жеткізу мүмкін емес.

Қазіргі таңда жұмысқа жаңа кірген жас мамандар осында келіп көп мәлімет алып жатыр. Мұнай саласын жақсы меңгергісі келетін жас мамандар осы ҒЗӨЖБ-тан бастау керек деп ойлаймын. Себебі жер астындағы жабдық түрлерін, атқаратын қызметін, жер қабатының құрылысы мен қасиетін және сол ортада жүріп



жатқан әртүрлі процестердің барлығын түсініп білу деген жас мамандар үшін үлкен мағлұмат болып табылады. Сондықтан ҒЗӨЖБ бар жұмысын түсіну үшін, осы жерде еңбек етіп, әрбір зерттеу жұмысына қатысу керек деп санаймыз.

*Шапағат ӘМИН,
Руслан АҚМУҚАНОВ,
«Қаражанбасмұнай» АҚ Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының қос ауысым бойынша басшылары*



Байқау жеңімпаздары анықталды



«I-бемме»

«Мұнай (тауарлы) дайындау операторы» номинациясы бойынша сынға түскен «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы Қуандық Қонановқа кәсіби біліктілігі жағынан тең келер ешкім болмады. «Жайықмұнайгаз» МГӨБ операторы Қайрат Хисметов және «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы Құрал Абденов ІІ және ІІІ орындарды бөлісті.

«Сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы» аталымы бойынша «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы Асылбек Көшекенов жеңіске жетсе, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы Тұрар Жайлашев ІІ, «Жылыоймұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасының операторы Мейрам Қаратаев ІІІ орындарды еншіледі.

«Жер қабаты қысымын сақтау операторы» номинациясы бойынша конкурста қатысқандардың арасынан «Жайықмұнайгаз» МГӨБ операторы Сағынжан Молдаш үздік шықты. Ал, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ операторы Алшынбай Исаинов ІІ орын жүлдегері атанса, «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы Айдос Бисенғалиев ІІІ орынға ие болды.

«Химиялық талдау жасау лаборанты» аталымында үздік шыққан «Доссормұнайгаз» МГӨБ лаборанты Айжан Хамитова жеңіс тұғырынан көрінсе, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ лаборанты Әсия Ахметова ІІ орын жүлдегері атаңды. ІІІ орынға ие болған – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ лаборанты Данияр Әмірғазиев.

«Электр газбен дәнекерлеуші» аталымы бойынша үздіктер қатарында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ маманы Әнуарбек Битималиев (І орын), «Қайнармұнайгаз» МГӨБ маманы Жақсылық Қасенов (ІІ орын), «Доссормұнайгаз» МГӨБ маманы Ерболат Атагузиев (ІІІ орын) болды.

«Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеуші – дәнекерлеуші» аталымында «Доссормұнайгаз» МГӨБ жөндеушісі Аман Танашев жеңіске жетті,

ал, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ жөндеушісі Бекболат Тәжмұратов ІІ орын, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ жөндеушісі Оспанов Ерболат ІІІ орын иегері атанды.

Байқауда «Токарь» аталымы бойынша кәсіби біліктілігі мен тәжірибесін дәлелдеген «Доссормұнайгаз» МГӨБ маманы Нұрсейіт Қоңырбаев. Ал, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ маманы Айболат Жұмакалимов ІІ орын тұғырынан көрінді. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ маманы Аманбай Құсайынов үздік үштік қатарынан көрінді.

«ЦА-320» арнаулы көлігінің машинисі аталымында топ жарған – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ машинисі Нұрлыбек Жұмағалиев. Ал, «Қайнармұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» МГӨБ машинистері Нұржасар Галиев пен Айболат Рахманов ІІ және ІІІ орындарды бөлісті.

«Жүк таситын көлік жүргізушісі» аталымында үздік шыққан – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ көлік жүргізушісі Қасым Мекебай. Ал, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының машинисі Данияр Бисембаев пен «Доссормұнайгаз» МГӨБ машинисі Арман Аймағамбетов ІІ және ІІІ орын жүлдегерлері атанды.

Дәстүрлі шеберлік байқауындағы «Электр монтері» аталымында «Ембімұнайгаз» басқармасының «Жайық» аудандық электр торабының электр монтері Қуандық Хасанов пен Миллат Идрисов топ жарып, үздік шықты. Ал, аталмыш басқарманың «Мақат» аудандық электр торабының электр монтері Бекназар Ақмурзиев пен Азамат Байәміров ІІ орынды иеленді.

ІІІ орын жүлдегерлері болып аталған басқарманың «Доссор» аудандық электр торабының электр монтері Ержан Туkenov пен Ермек Жұбан атанды.

Екі күнге созылған кәсіби шеберлік байқауының қорытындысымен жүлделі І, ІІ және ІІІ орындарды иеленген үздік мамандар арнайы дипломмен, ақшалай сертификатпен

және имидждік сыйлықпен марапатталды. Байқау жеңімпаздары «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ шеңберінде өтетін финалдық кезеңге жолдама алды.

Жалпы командалық есеп бойынша І орынды «Доссормұнайгаз», ІІ орынды «Қайнармұнайгаз», ІІІ орынды «Жайықмұнайгаз» МГӨБ командалары иеленді. Айта кетсек, «Доссормұнайгаз» МГӨБ командасы өткен жылғы байқауда да үздік шыққан болатын.

– Компания бойынша дәстүрлі шараға айналған «Үздік маман» сайысына досорлық мұнайшылар ерекше мән береді. Әркез сайыста болатын теория мен тәжірибелік

тапсырмаларға тыңғылықты дайындалады. Осының нәтижесінде «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық басқармалар ұжымдары арасында өтетін «Үздік маман» байқауының 2-кезеңінде осымен екінші жыл қатарынан «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы жеңімпаз атанып отыр.

Биылғы сайысқа басқарма атынан 14 маман қатысса, оның 5-уі жас маман. Жалпы, біз осындай байқауларға талантты, білімді жас мамандарды көптеп тартуға тырысамыз, – деп атап өтті «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысы Амангелді Сүлейменов.





АЛҒАШҚЫЛАР

Көргені көп көшелі кісі

Жаңаөзенде өмірі өнеге адамдар аз емес. Бүгінге тоқсанның аулына ат шалдырып отырған Боранбай Нұрмұханов ақсақал осындай жандардың бірі.

дар ағылып келе бастады. «Дарияның жарға соққан толқынындай» (Балуан Шолақ) жастық шақта адам қайда бармайды, қай қиырды кезбейді... Мақала кейіпкері де Өзен кенорнын игеруші және қала іргетасын қалаушы, бүгінде аты аңызға айналған Рахмет Өтегіновтің шақыру хатымен алғашқы мамандардың бірі болып Ескіөзен ауылына Гурьевтен (қазіргі Атырау) екі інісімен ұшаққа отырып жетеді.



«Ойпырмой, сол кездегі табиғаттың дүлей күшіне жігіттің жігіті ғана шыдады ғой. Көптеген жігіттер қатты желдің әсерінен көзге түртсе көргісіз қалың шаң мен аптаптан жүректері шайлығып, біздер ертеп мініп келген ұшаққа мініп, келген жақтарына кері ұшып кетіп жатты» – деп еске алады тарих қойнауында қалған сағым жылдарды Боранбай ақсақал.

Жаңаөзен қаласы ол кезде «Газ городок» деп алатын-ды. Автокөлікпен кенорынға келген вагондар дастарханға шашылған бауырсақтардай әр жерде тұратын. Алғашқылар осы вагонды баспана етіп пайдаланды. Қарапайым тұрмыстық жағдайдың өзі ол кезде мүмкін болмады. Бірінші шағынауданындағы барак типтес үйлердің іргетасы енді қаланып

жатқан болатын. Ешқандай жағдайдың болмағанына қарамастан алғашқылар қыстың қарды боранында да, жаздың ыстық аптабында да қайтпас қайсарлық танытып, кенорынды игеруге жанкештілікпен кіріскен болатын.

Боранбай Нұрмұханов бүгінде №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасында (сол кездегі «Трактор кеңсесі») бас инженер қызметін атқарады. Кейін №3 Сквжиналарға қызмет

көрсету басқармасында әр түрлі жауапты қызметтерді абыройлы атқара жүріп, осы мекемеден құрмет демалысына шығады. Ол Өзен кенорнының өсіп-өркендеуіне барынша өлшеусіз үлес қосқан азамат. 55 жыл жұмыс жасаған Борекең өзіне тапсырылған кез келген жұмысты өте тыңғылықты атқарды. Өзен кенорнын игеруді арнайы техникаларсыз елестету мүмкін емес. Темір тұлпарлардың мұнай өндіруде алатын рөлі өте зор екенін ешкім де жоққа шығара алмасы анық. Борекең арнайы көліктерінің үнемі сақадай сай дайын болып тұруына үлкен мән берді. Әрбір техниканы балапандай баптап, баладай күтімге алды. Барлық жүргізушілермен жақсы тіл табысып,

жұмысты оңтайлы ұйымдастырумен көзге түсті. Әріптестер арасында сый-құрметке ие болды.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы ерлікке пара-пар ерен еңбегі үшін асыл азаматтың өңіріне медальдар мен ордендер тағылды. Ол отбасында үлгілі әке, жақсы жар бола білді. Алла тағала Борекеңе ұлықты ұл да, қылықты қыз да берді. Сүйіп алған зайыбы Ағия екеуі берекелі отбасында тәрбиеленген Қайрат, Алтынай, Айнаш, Айнагүл атты балаларына заманға сай білім алып берді. Ағия жарты ғасырдан астам уақыт №6 орта мектепте қала халқының балаларын білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие берді. Ол сан жылдар бойы халық баласымен бірге өз балаларының тәрбиесіне де көңіл бөлуді ұмытқан жоқ. Балапандары Қайрат пен Алтынай әке жолын қуып, мұнайшы деген мәртебелі мамандық иесі атанды. Айнаш ана жолын қуып Ақтауда ұстаз болып еңбек етіп жүр.

Адам еңбегінің мәні жемісін тату емес пе?! Бір кездері Борекеңмен бірге кенорынды игеру үшін ұшаққа мініп ілесіп келген екі інісі қазір зейнеткерлікке шығып, еңбегінің жемісін татып, әрбір арайлап атқан таңды шүкіршілікпен қарсы алып отыр.

Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ атты алып құдықтан су ішіп отырған біздер осы құдықты қазу үшін бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен Боранбай Нұрмұханов сынды ағалар алдында өмір бойы қарыздар екенімізді естен шығармағанымыз жөн. Кешегі болмаса бүгінгі болмақ емес. Ел үшін егіліп, жұрт үшін жұмылып еңбек еткен ағаларға Алланың нұры жаусын. Оларға басымызды иіп, шексіз алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Мұнайшы денсаулығы – кәсіподақ назарында

Психологтар демалыс адамдардың еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыратынын айтады. Ауру асқынып кетсе, қиын болатынын жақсы түсінетін өзенмұнайгаздықтар жыл сайын еңбек демалысында кәсіподақтан жолдама құнының 30 пайыз қаражатын төлеп, Қазақстанның түкпір-түкпірінде орналасқан шипажайларға барып, ем алып, денсаулығын нығайтып қайтады.

Атап айтатын болсақ, компания қызметкерлері үшін Сарыағаш, Ақ тілек, Манкент, Алтын-Қарғалы, Қазақстан, Жаңақорған, Шағала, Сосновый бор, Балқаш, Мерке, Т.Рысқұлов сияқты шипажайлардың есігі ашық.

«Қазақта «ауру төнсе, кең дүниені тар қылмақ» деген нақыл бар. Баға жетпес байлық саналатын денсаулықты жоғалту оңай, қалпына келтіру қиын. «Адам денесінің жетілуі оның денсаулығына тікелей байланысты екені айтпаса да түсінікті; егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денені сауықтыру керек» дейді Әл-Фараби бабамыз.

Дертіне шипа, деніне саулық тілейтін мұнайшылар жыл бойы кәсіподақ ұйымынан өздерінің қалаған жеріне жолдама алып, шексіз алғыстарын айтып кетеді. Олардың алғысы біздің жұмысқа деген құлшынысымызды арттырады», – деді кәсіподақ маманы Жанар Мананова.



Жаңа кешен көкжиегі қуантады

«Өзен-энергомұнай» басқармасына қарасты №8 өндірістік-технологиялық учаскеде 54 орындық әкімшілік-тұрмыстық кешен ашылды. Салтанатты жиынға бас директор Бекзат Абайылданов, ардагер-энергетик Әбіш Боранбаев, кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

«Энергетиктердің Өзен кенорнының дамуына қомақты үлес қосып жүргенін біз жақсы білеміз. Сіздер аптап-ыстыққа, боран-суыққа қарамай өздеріңіздің қажырлы еңбегіңізбен алғы саптан көрініп келесіздер. Басшылық

үшін Сіздердің көңілдеріңіздің тоқ болып, жұмысқа деген ынталарыңыздың жоғары болуы маңызды. Бүгінгі заман талабына сай салынған нысандарыңыз құтты болсын! Ігіліктеріңізге пайдаланыңыздар!» – деді бас директор.

Нысанды салған мердігер компания «МАКС-КМ» ЖШС директоры Мұрат Нұрбайқосов нысанның символикалық кілтін ӨЭМБ директоры Болатбек Рахметовке салтанатты түрде табыстады. Нысанның лентасын қос зейнеткер Оңдаған Еділов пен Әбіш Боранбаев қиды.



Үздік маман

Жетістіктің кілті – талап пен еңбек

«Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты басқармалардың жұмысшы мамандықтары арасында өткен «Үздік маман-2018» сайысының жеңімпазы Мұхит Көшбаев №4 мұнай-газ өндіру басқармасында 1993 жылдан күні бүгінге дейін слесарь-жөндеуші болып жұмыс жасап келеді.

Жылдың төрт мезгілінен қаймықмай қызмет істейтін Мұхит – өз ісінің нағыз майталманы. «Мен үшін байқауға қатысу өте қызық болды. Жарыс бәсекелестікпен өтті. Байқауға өзіме деген сеніммен, үлкен үмітпен келіп едім. Үмітім ақталды. Мақтанғаным емес, алайда практикалық сайыс та, теориялық сайыс та мен үшін өте жеңіл болды. Тіпті жаңақша шағып тастадым десе де болады», – дейді ол.

Санаулы минуттың ішінде НБ-125 сорабын шашып, қайтадан жинаған Мұхит жетістіктің өздігінен келмейтінін, оның кілті талап пен еңбек екендігін айтады.



Табандылық табысқа бастайды

«Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты басқармалардың жұмысшы мамандықтары арасында өткен «Үздік маман-2018» байқауының жеңімпазы технологиялық транспорт басқармасының қызметкері Аманкелді Өтепбаев автокөлік жөндеушісі номинациясы бойынша жүлделі I орынға ие болды.

Мұнай саласында 23 жылдан бері табан аудармастан жұмыс жасап келе жатқан Аманкелді туралы әріптестері «Ол бізге ерінбей еңбек етудің үлгісін көрсетіп келеді. Кез келген еңбек ақталады емес пе? Оның қуанышына ортақпыз» дейді.

«Мен «Үздік маман» сайысына бірінші рет қатысып отырмын. Толқығаным рас. Барынша дайындалдым. Мәселе жүлдеде емес қой. Дегенмен, мақтанш сезімі болады екен. Автокөлік жөндеушісі жауапкершілікті талап ететін, қадірлі мамандық деп есептеймін. Мен бұл кәсіпке жүрек қалауымен келдім», – дейді қуанышымен бөліскен жүлдегер жігіт.

Иә, табандылық танытсаң ғана табысқа жетесің. Түсінген адамға жақсы көретін ісіңмен айналысу да бір бақыт!

Әке жолын қуған жүргізуші

«Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты басқармалардың жұмысшы мамандықтары арасында өткен «Үздік маман-2018» сайысының автокөлік жүргізушісі номинациясы бойынша үздік атанған Сүндетбай Қорғанбаевтың әкесі Бердіхан Қорғанбаев та жүргізуші болатын. Бала Сүндетбайдың темір тұлпарға деген қызығушылығын әкесі оятқан еді.

Бүгінде компанияға қарасты №2 скважиналарға қызмет көрсету басқармасында табан аудармастан 35 жыл жүргізуші болып абыройлы қызмет жасап келе жатқан ол «Үздік маман» сайысының жеңімпазы атанғанда қатты қуанды.

«Бақ шаба ма, бап шаба ма» деген сөзді қазақ тауып айтқан ғой. Кілең үздіктер бақ сынасқан байқауда жеңімпаз атану бақыты маған бұйырды. Осы өмірімде ұққаным, адам баласының жаны қай жұмысты қалайды, соны істеуі керек. Барлық күш-қуатыңды, ойлау жүйенді өзін ұнататын іске шоғырландырсаң, қалауың, арманың, мақсатың орындалмақ», – дейді тәжірибелі, сақа жүргізуші.

Тәрбиелеген балаларынан бірнеше жиен сүйіп, ата болып отырған аға мұнайшы жақында немерелі болып, атын Сабыржан деп қойыпты.

«Асығыс өмірді аптығып жүріп өткізбейік деген оймен немеремнің есімін әдейі Сабыржан деп қойдым», – дейді бақытты ата күліміреп.

Жеңімпаз атанып, мерейі үстем болған Сүндетбай байқау мамандардың шеберлігін шыңдайтынын айтады.



Қаражанбас тәлімгерлеріне дән ризамын



Бірнеше жылдан кейін мемлекетіміздің бет-бейнесі болатын, біраз жылдан соң билік тұтқасын ұстап, қуатты ел тұғырына айналатын жастарға инвестиция құю – стратегиялық тұрғыдан ұтымды шешім. Олар алған білімін қоғамға арнап, сол арқылы өмір сүру деңгейін арттыру және басқа да көптеген пайдалы әрі жағымды нәрселермен айналысу керек екенін түйсініп, сол жолдағы жауапкершілікті терең сезінеді.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ал, білікті маман қай кезде де қоғамда жоғары сұранысқа ие. Ең алдымен, ол – кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық әлеуеті мол тұлға. Қазіргі таңда жоғарғы оқу орнында білікті маман даярлау үшін оқытушы мен студенттің қажымас еңбегі ғана емес, сонымен қатар, теориялық білімді практика жүзінде дамытып, қолдануы үлкен маңызға ие болып отыр.

Бүгінгі студенттердің бақытына орай, тегін білім алып, ғылыми-тәжірибелік жұмыстармен айналысып, өндірістегі аға-әпкелерімен, бірге жұмыс атқарып, идея бөлісіп, оны жүзеге асыруға толық мүмкіндік жасалған. Соның мысалы ретінде өзіннің Қаражанбас кен орнынан

өткен он күндік өндірістік практикамы айта аламын. Практикадан өту уақытында мен кен орнындағы ұңғылардан алынатын күнделікті ақпараттарды салыстыра отырып, ұңғы жағдайына сараптама жасау, іс-құжаттарын жүргізу, түрлі жағдайда дұрыс шешім қабылдау, қазіргі уақытта көптеген маңызға ие мұнай-газ саласындағы компьютерлік бағдарламаларды меңгеру жөнінен көптеген тәжірибе жинадым.

Бір сөзбен айтқанда, жоғарғы оқу орнында алып жатқан білімімді практика жүзінде толықтырдым. Сонымен қатар, бұл өндірістік практика мамандығымды қателеспей таңдағанымды, болашақта осы салада қызмет істеймін деген сенімдімді арттыра түсті. Осы орайда, практика барысында мені өндірістің барлық жұмысымен таныстырып, мол тәжірибесімен бөлісіп, білгендерімен үйретуге тырысқан майталман мамандарға шын жүректен алғыс айтқым келеді.

*Гүлзира ОҢАЛБЕКОВА,
Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ 3 курс студенті*



Барған жерінде бағы жанатын Барболов

«Қаражанбасмұнай» АҚ спорт нұсқаушысы Талап Барболов Ақтау қаласында өткен Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың жүлдесіне арналған Маңғыстау облыстық VI Халық спорты ойындарының бағдарламасында топ жарды.

Жеке және командалық сында үстел теннисінен барлық қарсыласынан басым түскен ол үздіктер көшін бастады. Енді әріптесіміз күзде өтетін республикалық сыңға қатысады.

Сонымен бірге, Т. Барболов үстел теннисінен Ресей Федерациясының Орынбор облысына қарасты Орск қаласында өткен Ресей ашық чемпионатының іріктеу кезеңінде өз тобында екінші орын иеленген болатын.

ЦИФРАНДЫРУ

Технологиялық тур тағылымы

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ ғимаратында Атырау қаласында болған «SMART OIL&GAS: Цифрлау. Технология. Көшбасшылық» саммитінің аясында технологиялық тур өтті.

Шараға қатысушылар Компанияның мұражайымен және

Ембі интеллектуалды кен алаңдары жүйесін басқару орталығымен танысты. «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ә. Жақсыбеков қонақтарды мұражаймен және өндірістік процесті бақылау орталығының жұмыстарымен таныстырды.



«ҚМГ» ҰК» АҚ СПАРТАКИАДАСЫНЫҢ ІРІКТЕУ ТУРНИРИ

Ембіліктер ерлеп тұр

2018 жылғы 10-11 шілде күндері Қызылорда қаласында «ҚМГ» ҰК» АҚ спартакиада-сы I тобының іріктеу турнирінде үздіктер анықталды. Жарысқа «Ембімұнайгаз» АҚ командасымен қоса, «Қазгер» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Технологиялық транспорт және ұңғыларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС командалары бақ сынасты.

Екі күнге созылған жарыстар үш спорттық нысанда: Мұз айдынында, «Динамо» спорт кешенінде, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінде өтті. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның намысын қорғауға 45-ке жуық спортшы-қызметкер аттанып, спорттың сегіз түрінен (баскетбол, шағын футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, армрестлинг, волейбол, суда жүзу) қатысты. Барлық ойын тартысты өтті. Ембіліктер бар мүмкіндіктерін салып, ойынның соңғы секундтарына дейін намысты қолдан бермеуге тырысты.

Іріктеу жарысының қорытындысы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері төмендегі нәтижелерге қол жеткізді:

I ОРЫН:

1. Шағын футболдан – «Ембімұнайгаз» АҚ командасы;
2. Әйелдер арасында волейболдан – «Ембімұнайгаз» АҚ әйелдер командасы;
3. Ерлер арасында волейболдан – «Ембімұнайгаз» АҚ ерлер командасы;
4. Шахматтан – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстар цехының I-санатты геологы Білімпаз ҚАБДОЛОВ;

II ОРЫН:

1. Әйелдер арасында үстел теннисінен – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Батыс Қамысты кен алаңының мұнай өндіру операторы Тамара САБИРОВА;
2. Әйелдер арасында тоғызқұмалақтан – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қызметкері Айнұр МЕНДІБАЙ;

III ОРЫН:

1. Баскетболдан – «Ембімұнайгаз» АҚ ерлер командасы;
2. Суда жүзу – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты жөндеу операторы Әли БЕКСЕЙІТОВ;

3. Әйелдер арасында шахматтан – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ 2-категориялы инженер-химик Ақмарал УСАЛИЕВА;
4. Ерлер арасында армрестлингтен (85 келі салмаққа дейін) «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты жөндеу операторы Берік ҚАЛЕШЕВ;
5. Ерлер арасында армрестлингтен (85 келі салмақтан жоғары) – «Жылыоймұнайгаз»

МГӨБ слесарь-жөндеуші Әнуарбек ДҮЙСЕМӘЛИЕВ;

6. Ерлер арасында тоғызқұмалақтан – «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтарды комплектациялау» басқармасы қызметкері Тұрар ЕСТЕКОВ;

Іріктеу турнирінің ережесіне сәйкес I орын иегерлері биылғы Астана қаласында тамыз айында өтетін «ҚМГ» ҰК АҚ-ның финалдық ойындарына жолдама алды.



«Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ спартакиадасына іріктеу кезеңінде қаражанбастықтар да жүлделі орындарға ие болды.

«Қаражанбас» компаниялар тобының атынан сынға түскен әріптестеріміз төмендегідей нәтижелерді көрсетті.

ҚОЛ КҮРЕСІ:

- I орын** – Бақтияр Төлеубаев, +80 келі;
II орын – Мейрамбек Маңғыбаев, -80 келі;
I орын – Құралай Ақжігітова, -65 келі;
II орын – Салтанат Анибаева, +65 келі;

ЖҮЗУ:

- II орын** – Ғани Шалабаев, (ТМС);

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ:

- II орын** – Бекзат Шадкам, (ТМС);
III орын – Ақтоты Тұрбаева (ҚБМ);

ШАХМАТ:

- I орын** – Гүлмира Мұңалбаева, (АТС);

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ:

- II орын** – Бернұр Ғабдырасылұлы (ҚБМ)
III орын – Жанар Юсупова, (ҚБМ);

ВОЛЕЙБОЛ:

- II орын** – «Қаражанбас» командасы;

БАСКЕТБОЛ:

- II орын** – «Қаражанбас» командасы;

ФУТБОЛ:

- II орын** – «Қаражанбас» командасы;

Жүлделі орындарға ие болған әріптестерімізді Компания атынан шын жүректен құттықтап, алдағы сында биіктен көрінулеріне тілектестік білдіреміз.



ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ

Жасыл алаңда – журналистер мен мұнайшылар

Атырау облысында тұңғыш рет Солтүстік Каспий жобасының операторы «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (НКОК) компаниясы мен қазақ мұнайының «қара шаңырағы» саналатын «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) бастамасымен мұнайшылар мен аймақтағы бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында футболдан жолдастық кездесу өтті. Бұл шара үш бірдей айтулы мерекеге – Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына, Солтүстік Каспий жобасының 25 жылдығына және С. Балғымбаев атындағы кен орнының 50 жылдығына орай ұйымдастырылды.

ЕМГ мен НКОК компаниялары қызметкерлерінен біріккен команда мен жур-

налистер арасындағы тартысты кездесу «Судоремонтник» стадионында өтті. «EMG&NCOC» командасы құрамында 14 қызметкер (әр компаниядан 7 адамнан, үшеуі – қосалқы ойыншы) өнер көрсетті. Ал, журналистер командасы сапындағы 15 ойыншы жергілікті «Атырау ТВ» телеарнасы, «Атырау-Ақпарат» ЖШС және Атырау облысының өңірлік коммуникация қызметі қызметкерлерінен жасақталды.

Команда ойыншылары мен жанкүйерлерді футбол мерекесімен ЕМГ әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директоры С.Нақпаев пен НКОК мемлекеттік органдармен және сыртқы байланыс жөніндегі менеджері Жағпар Егізбаев және ҚР Журналистер одағы Атырау облыстық филиалының төрайымы Алма Қалусариева құттықтап, командаларға сәттілік тіледі.

– Алдымен, ойыншылар мен қонақтарды Астана қаласының 20 жылдығымен құттықтаймын. Бүгінгі кездесудің мақсаты – мұнай-газ саласы мен бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің арасында бірлік пен достық қарым-қатынасты нығайту. Себебі, екі саланың кез келген қызметкері де еліміздің, соның ішінде Астананың дамып, гүлденуі үшін

аябай еңбек етуде, – деп атап өтті Сәлімжан Нақпаев.

Жағпар Егізбаев өз сөзінде бұл кездесу екі сала арасындағы іскерлік байланыс пен серіктестікті дамытуға жол ашатынына сенім білдірді:

– Спорт – күштерді біріктіруші құрал. Бүгін осы күш бәріміздің басымызды қосып отырғанына қуаныштымын. Достық қарым-қатынасты нығайту үшін ұйымдастырылып отырған бұл ойынның мақсаты Солтүстік Каспий жобасының жергілікті қоғамдастықты дамыту бағытындағы мақсатымен ұштасып отыр. НКОК компаниясы атынан барлық қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтаймын. Мұндай шаралар алдағы уақытта дәстүрге айналады деп ойлаймын.

– Мереке қарсаңында ЕМГ мен НКОК компаниялары басшылығы бірігіп, ҚР Журналистер одағы Атырау облыстық филиалына командалар арасында футбол жарысын ұйымдастыру жөнінде ұсыныс айтқан болатын. Ұсыныс қос тараптан да қолдау тауып, бүгін екі сала қызметкерлерінен жасақталған командалар жасыл алаңда кездесіп отыр. Қос компания жұмысын биыл аталып өтілетін мерейтой-

лармен шын жүректен құттықтаймын, – деді футбол жарысының ашылу салтанатында ҚР Журналистер одағы Атырау облыстық филиалының төрайымы Алма Қалусариева.

Тоқсан минуттан астам уақытқа созылған ойын тартыс пен қызыққа толы өтті. Кездесуге қос команданың да «ең бастысы – қатысу» деген қағидамен келмегені анық байқалып тұрды. Өйткені, екі жақ та жеңіске жету үшін ойынның соңғы минуттарына дейін аянып қалмады. Нәтижесінде жолдастық кездесу 4:4 есебімен аяқталды. Мұнайшылар сапынан гол авторлары атанған – Б.Омарғалиев (НКОК), Ә.Бексейітов (ЕМГ), Б.Жүнісов (ЕМГ), Ә.Рахманов (НКОК). Ал, журналистерден Д.Қалжігітов, Т.Баксих және Қ.Жетпісбаев (дубль авторы) мұнайшылар қақпасынан саңылау таба білді. Ойын тең аяқталғанымен ұйымдастырушылар кубокты Атырау облысының БАҚ қызметкерлері командасына табыс етті.

Сонымен қатар үздік ойын өрнегін көрсеткен ойыншылар «Үздік қақпашы», «Үздік қорғаушы», «Үздік жартылай қорғаушы» және «Үздік шабуылшы» аталымдары бойынша дипломдармен марапатталды.



МЕНШІК ИЕСІ:
 «Қазмұнайгаз» Барлау Өндіру» АҚ
 Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде есепке қойылып, № 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
 010000, Астана қаласы,
 Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,
 Блок А, 4 қабат, 0406 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:
 Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz
 Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz
 Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmgep.kz
 Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
 Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgep.kz
 Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz
 Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: **+7 (7172) 78 91 49**
 Газет айына 2 рет шығады,
 Таралымы 5 000 дана
 МЕРДІГЕР: **«Samruk invest group» ЖШС**
 Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
 41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС
 Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
 тел.: +7 (7132) 21 19 30